

Феррониобийге қатысты Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифінің әкелу кедендік бажының мөлшерлемесін белгілеу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2026 жылғы 20 қаңтардағы № 7 шешімі

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 42 және 45-баптарына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті**:

1. Еуразиялық экономикалық комиссия кеңесінің 2021 жылғы 14 қыркүйектегі № 80 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифінің ЕАЭО СЭҚ ТН 7202 93 000 0 кодымен сыныпталатын феррониобийге қатысты әкелу кедендік бажының мөлшерлемесі осы Шешім күшіне енген күннен бастап 2028 жылғы 29 ақпанды қоса алғандағы мерзім аралығында кедендік құнның 0 пайызы мөлшерінде белгіленсін.

2. Еуразиялық экономикалық комиссия кеңесінің 2021 жылғы 14 қыркүйектегі № 80 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифіне мынадай өзгерістер енгізілсін:

а) ЕАЭО СЭҚ ТН 7202 93 000 0 коды бар позицияда Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифіне қатысты берілген ескертпедегі "81С)" сілтемесі "117С)" сілтемесімен алмастырылсын;

б) Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифіне қатысты берілген ескертпелерде:

81С ескертпесі күшін жойған деп танылсын;

мынадай мазмұндағы 117С ескертпесімен толықтырылсын:

"117С) Кедендік құнның 0 (нөл) % мөлшеріндегі әкелу кедендік бажының мөлшерлемесі Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2026 жылғы 20 қаңтардағы № 7 шешімі күшіне енген күннен бастап 29.02.2028 қоса алғандағы мерзім аралығында қолданылады."

3. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап 30 күнтізбелік күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының төрағасы*

Б. Сағынтаев